

Хирургиялық деонтология



ТОБЫ: ЖМ-322
ОРЫНДАҒАН: Халмуратова Д
ҚАБЫЛДАҒАН: Тулежанов. Н

Түркістан 2016

ЖОСПАР


- КІРІСПЕ
- НЕГІЗГІ БӨЛІМ
 - Гиппократ анты;
 - Этика;
 - Дәрігер мен науқас;
 - Дәрігер және науқастың туыстары;
- ҚОРЫТЫНДЫ



- **Деонтология** – грек сөзі. Хирургиялық деонтология (хирургиялық парыз жайлы оқу және ғылым). Медициналық жоғарғы оқу орнын бітіруші жас дәрігерлер диплом аларда салтанатты түрде **Гиппократ антын** береді. Оларға, медицинаға моральді этикалық негіздерін сақтау туралы ой айтылады.

ГИППОКРАТ АНТЫ

- «Аппалон дәрігердің, Аклепийдің, Гигиел мен Панакеяның және түрлі тәңірлер мен тәңіриялардың атын атап, оларды куәға тарта отырып, мына серт пен жазбаша шартты шама-шарқымның жеткенінше адал орындауға ант етемін: өзіме дәрігерлік өнерін үйреткен кісіні ата-анаммен бірдей көремін, оған барымды бөліп беремін, әрі қажет жағдайда оның жоғын табуға көмектесемін; оның ұрпақтарын бауырларым деп есептеймін, егер олар осы өнерді үйренгісі келсе, оларға тегін әрі ешқандай шарт жасаспай-ақ сабақ беремін; оқу үстінде айтар ақылымды ауызша сабақтар мен ілімдегі қалған жайлардың бәрін өз балаларыма, ұстазымның балалары мен медицина заңы бойынша серттескен, ант беріскен шәкірттеріме хабарлаймын, басқа жанға айтпаймын. Аурулар режимін, зиян келтіру мен қиянаттан бойымды аулақ ұстай отырып, шама-шарқымның барынша оларға пайдасы тиетіндей етіп жасаймын. Ешкімге кісіні өлімге ұшырататын дәрі бермеймін, әрі оны жасау тәсілін көрсетпеймін; тап осылай әйелге түсік түсіретін пессарий ұсынбаймын. Өмірде де, өнерде де таза әрі адал боламын. Тас ауруымен сыр қаттанғандардың денесін ешқашан кеспеймін, мұны осы іспен айналысатын кісілерге тапсырамын. Қайсы үйге кірсем де аурудың қамын ойлаймын, әдейі қиянат пен қастандық жасаудан, әсіресе әйелдер мен еркектер, азат адамдар мен құлдар арасындағы махаббаттан аулақпын. Емдеу кезінде, сондай-ақ емдемеген кезде де, адам өмірінің ішіндегі мүлдем жариялауға болмайтын жайларды көргенімді немесе есіткенімді құпия есептеп, жан баласына айтпаймын. Антты бұлжытпай орындағаным үшін өмірде де, өнерде де бақытты болып, ел арасында мәңгілік даңққа бөленгеймін; жалған ант беріп, қылмыс жасағандарды ант атсын».



ЭТИКА

Ауруларды болдырмау , науқастарды емдеу үшін, жауапкершілікті мойына алған дәрігерлердің алдында тек бір ой болуы мүмкін. Ондай ой дәрігердің медицина ғылымындағы ең соңғы жаңалықтарды біліп, игеріп, әрдайым науқасқа көмек бере алатын, науқастардың психологиясын дұрыс түсініп, сонымен бірге олардың туысқандарымен, жұмыстағы қызметкерлермен дұрыс қатынаста, медицина ғылымының дамуына себепкер болу керек. Дәрігердің күнделікті жұмысындағы осындай ой сұрақтардың бәрі медициналық деонтологияға және этикаға тән.

- Дәрігердің науқасқа көз қарасы жайлы В.М. Бехтерев былай жазған: «Дәрігермен сөйлесіп болғаннан кейін, науқастың көңіл күйі жақсармаса ондай адам дәрігер емес». Деонтология сұрақтары барлық емхана, емдеу мекемелерінде түгелімен жүргізіліп отыру қажет. Дәрігерлер, басқа да дәрігер көмекшілері деонтологияны бұлжытпай орындауы қажет. Студенттер деонтологияны біліп дұрыс бағытта болуы тиіс.

Дәрігер мен науқас.

- Науқастың ауруы жайлы не айту керек? Әр науқасқа психологиясына қарап, түрліше көзқарас болуы мүмкін. Егерде науқас қатаң болса, онда ауруы жайлы барлық жайды айтудың қажеті жоқ. Науқас қорқып кейде өзін өлтіруге дейін баруы мүмкін. Туысқандарымен сөйлесіп, науқасқа ауруы жайлы үстірт хабар беріп, ем жайлы айтқан дұрыс. Науқасты жігерлендіріп, операцияға дайындауға болады. бірақ кейде науқас емге көнбеуі мүмкін, бұл жағдайда, ауруы жайлы шындықтың бәрін айтпай, мысалы қатерлі ісік демей, ауырған жеріңіз қатерлі ісікке айналуы мүмкін деген ой тастауға болады.. Дәрігер мен науқастың қарым қатынасы көптеген себептерге байланысты. Олардың ішінде найқастың дәрігерге, оның жасайтын еміне сенуі.



- Ертедегі медицина негізін қалаушылардың еңбектерінде, Гиппократтың, Ибн Синаның, Цельстің және басқа ғылымдардың да еңбектерінде дәрігер жайлы, ол кім, қандай адам дәрігер бола алады деген ойлар жақсы жазылған. Оның ішінде дәрігердің емдеу шеберлігі, шындығы, көңілділігі, жүріс тұрысынан басқа, киімі жазылған.

- Дәрігердің күнбе күн жұмысында кездесетін моральдық этикалық ережелер Гиппократтың антында келтірілген. Көптеген жылдар бойы дәрігерлер Гиппократтың антынан кейін емдеу жұмысына кірісіп отырған. Қазіргі жағдайда жас дәрігерлер дипломмен бірге дәрігер антын қабыладап, бұл антқа сенімді болатындығын мерекелі жайында қайталайды.

- Дәрігерге науқастың күнбе күн сенімі артып отыруы қажет. Дәрігерге сенген науқас өзіндегі құпияны айтып шығады. Бұндай сенімділік дәрігердің біліміне, дәрігерлік тәжірибесіне, дәрігердің жеке адамгершілік қасиетіне де байланысты.

- Орыс ғалымы, ұлы хирург *Н.И.Пироговқа* деген сенімділік өте үлкен болған. Қырым соғысы кезінде, Н.И.Пирогов тоқтаған дала емханасына жауынгерлер басы жоқ өлікті алып келе жатып, тағы да бір жауынгер тобы ілесе өліктен бөлек басын алып келе жатқандарға былай депті: «Сендер басы жоқ өлікті не үшін әкелесіңдер?» деген сұраққа «Н.И.Пироговқа сенеміз» депті.

Н.И.Пирогов – 4 условия для правильного поведения хирурга:

1. Уверенность в распознавании болезни и больного;
2. Предпринять операцию вовремя, производя благоприятные нравственные влияния на пациента, поднять его надежды, устранить его страхи и сомнения;
3. Не только сделать операцию искусно, но и суметь предотвратить осложнения;
4. Провести последующее послеоперационное лечение с соответствующим уходом.

- Н.И.Пирогов қатерлі ісік ауруымен науқастанып Венадағы ұлы хирург Теодор Бильтордқа көрінуге, ақылдасуға барады. Бильторд әрине Н.И.Пироговтың науқас екенін білсе де, оған тікелей ауруы жайлы барлық мағлұматтарды айтуға болмайтынын білген. Себебі ауру біріншіден өте асқынған қатерлі ісік, екіншіден өте үлкен жасқа келген қария Н.И.Пироговқа операцияның да жәрдемі болмайтынын сезген. Бұл Бильтордтың нағыз науқастың алдында дәрігрелік парызын дұрыс орындағаны күмәнсіз. Ол өзі сөзімен Н. И.Пироговты емдеп шыққанмен тең болды.

- Кейде дәрігерлер өзі айтқан сөзімен науқасты қатты қайғыландырып тастауы мүмкін, немесе Ятрогендік ауру туғызуы мүмкін.
- «Ятрогенді» зиян келтіру деген мағына береді. Науқас дәрігерге сенім білідіре отырып, дәрігерге көмектескені де жөн. Ауру кезеңіне үш күш қатысады. Олар: ауру, дәрігер, науқас адам. Егер де науқас пен дәрігер біріксе, ауруды жеңуге болады.

- Медицина ғылымының дамуы, жетістіктері дәрігрелерге көптеген қосымша зерттеу, құрал саймандармен емдеу жүргізуге мүмкіншілік туғызды. Бірақ қаншама техниканың науқастың ауруын тауып білуде артықшылығы, жақсылығы болғанмен, дәрігер науқастың алдында негізгі тілеуші, ұйымдастырушы маман есебінде көзге түсуі керек.



Дәрігер және науқастың туыстары.

- Науқастың ауруы жайлы, хирургиялық ем жайлы, ол емнің қауіпті жақтарын, емнен кейінгі болып қалатын жағдайларды дәрігер науқастың туысқандарына дұрыс түсіндіргені жөн. Науқастың туысқандарына ауру жайлы хабарды тек емдеуші дәрігерге жіберуі керек. Дәрігердің сөзі науқасқа үлкен әсер түсіріп, не көңілін көтеруі мүмкін, немесе сенбеушілік, қорқынышты сезім туғызуы мүмкін.



- Медицина қызметкерлері, студенттер, дәрігердің бірі біріне дәрігер және бөлім меңгерушісі, немес дәрігерменоның көмекшілері (мейірбике, медицина қызметкерлері, кіші мейірбике) арасындағы көзқарастың, қарым қатынастарын емдеу жұмыстарына үлкен әсері бар екені белгілі. Жалпы емдеу жұмысы жемісті болу үшін, бұл аталған қарым қатынастардың бірінші ережесі олар бірі бірін дұрыс түсінушілікте, бұлжытпай әркім тәртіп ережесін оырнадап, жұмысын ұқыпты істеу керек.

- Бір бірін сыйлау, оның ішінде жасына қарамай, үлкенді кішілі деп санаспай, жұмыс орны жоғарғы кісі деп жағымпазданбай еңбектену керектігі мәлім. Дәрігердің жұмысы жұмыс емес, сондықтан бұл мамандар бір бірін күтіп, жылы шыраймен қызметтес болғаны жөн.

- Ем кезінде де деонтология сақталуы қажет. Дәрігер көмекшілері мейірбике, кіші мейірбике, медицина қызметкерлері, студенттер деонтологияны бұлжытпай сақтағаны жөн. Олар науқас сұрағына дұрыс және жөнді жауап бере алмаған кезде және білімі, тәжірибесі жетпеген жағдайларда толық жауапты емдеуші дәрігеріңізден аласыз деп, науқасты жылы шыраймен пікір айтқандары дұрыс.



- Сонымен, дәрігердің парызы жайлы оқу түсініктері әлде қайда көп екені белгілі. Негізгісі бұл түсініктердің күнделікті жұмыста іске асырылуы болып табылады.



**НАЗАР САЛЫП
ТЫНДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ**